

Түлкібас ауданы бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормаларын және тұрмыстық қатты қалдықтарын жинау, әкету және көму тарифтерін бекіту туралы

Күшін жойған

Түркістан облысы Түлкібас аудандық мәслихатының 2020 жылғы 29 қыркүйектегі № 60/2-06 шешімі. Түркістан облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 13 қазанда № 5839 болып тіркелді. Күші жойылды - Түркістан облысы Түлкібас аудандық мәслихатының 2023 жылғы 22 маусымдағы № 4/11-08 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Түркістан облысы Түлкібас аудандық мәслихатының 22.06.2023 № 4/11-08 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 9 қаңтардағы Экологиялық кодексінің 19-1 бабының 1) және 2) тармақшаларына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6 бабының 1 тармағының 15) тармақшасына, Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2014 жылғы 25 қарашадағы № 145 "Коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормаларын есептеудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10030 болып тіркелген) бұйрығына және Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2016 жылғы 1 қыркүйектегі № 404 "Тұрмыстық қатты қалдықтарды жинауға, әкетуге, кәдеге жаратуға, қайта өңдеуге және көмуге арналған тарифті есептеу әдістемесін бекіту туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14285 болып тіркелген) бұйрығына сәйкес, Түлкібас аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Түлкібас ауданы бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормалары осы шешімнің 1 қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. Түлкібас ауданы бойынша тұрмыстық қатты қалдықтарын жинау, әкету және көму тарифтері осы шешімнің 2 қосымшасына сәйкес бекітілсін.

3. "Түлкібас аудандық мәслихат аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы шешімнің "Қазақстан Республикасы Әділет Министрлігі Түркістан облысының Әділет департаменті" Республикалық мемлекеттік мекемесінде мемлекеттік тіркелуін;

2) ресми жарияланғаннан кейін осы шешімді Түлкібас аудандық мәслихатының интернет-ресурсына орналастыруын қамтамасыз етсін.

4. Осы шешімнің орындалуын бақылау Түлкібас аудандық мәслихатының аппарат басшысына жүктелсін.

5. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудандық мәслихаттың хатшысы

С. Сейсенбаев

Түлкібас аудандық
мәслихатының 2020 жылғы
29 қыркүйектегі № 60/2-06
шешіміне 1-қосымша

Түлкібас ауданы бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормалары

№	Коммуналдық қалдықтар жинақталатын объектілер	Есептік бірлік	Коммуналдық қалдықтардың орташа жылдық жинақталу нормасы, текше метр
1	Жайлы және жайлы емес үйлер	1 тұрғын	1,86 1,94
2	Жатақханалар, интернаттар, балалар үйлері, қарттар үйлері және сол сияқтылар	1 орын	1,28
3	Қонақ үйлер, санаторийлер, демалыс үйлері	1 орын	0,62
4	Балабақшалар, бөбекжайлар	1 орын	0,35
5	Мекемелер, ұйымдар, офистер, кеңселер, жинақ банктері, байланыс бөлімшелері	1 қызметкер	0,21
6	Емханалар	1 келіп кету	0,018
7	Ауруханалар, өзге де емдеу-сауықтыру мекемелері	1 төсек-орын	0,73
8	Мектептер және өзге де оқу орындары	1 оқушы	0,029
9	Мейрамханалар, дәмханалар, қоғамдық тамақтану мекемелері	1 отыратын орын	0,99
10	Театрлар, кинотеатрлар, концерт залдары, түнгі клубтар, ойынханалар, ойын автоматтарының залы	1 отыратын орын	0,06

11	Мұражайлар, көрмелер	Жалпы алаңы 1м2	0,003
12	Стадиондар, спорт алаңдары	Жоба бойынша 1 орын	0,09
13	Спорт, би және ойын залдары	Жалпы алаңы 1м2	-
14	Азық-түлік, өнеркәсіптік тауар дүкендері, супермаркеттер	сауда алаңы 1м2	0,98
15	Машиналардан сату	сауда орнының 1м2	-
16	Базарлар, сауда павильондары, дүңгіршектер, сөрелер	Сауда алаңы 1м2	0,21
17	Азық-түлік тауарларының көтерме базалары, қоймалары	Жалпы алаңы 1м2	-
18	Өнеркәсіптік тауарлардың көтерме базалары, қоймалары	Жалпы алаңы 1м2	--
19	Тұрмыстық қызмет көрсету үйі: халыққа қызмет көрсету	Жалпы алаңы 1м2	0,02
20	Вокзалдар, автовокзалдар, әуежайлар	Жалпы алаңы 1м2	-
21	Жағажайлар	Жалпы алаңы 1м2	-
22	Дәріханалар	Сауда алаңы 1м2	0,33
23	Автотұрақтар, автомобильді жуу орындары, АЖС, гараждар	1 машина- орын	1,90
24	Автомобиль шеберханалары	1 жұмысшы	1,7
25	Гараж кооперативтері	1 гаражға	-
26	Шаштараздар, косметикалық салондар	1 жұмыс орны	1,56
27	Кір жуатын орындар, химиялық тазалау орындары, тұрмыстық техниканы жөндеу орындары, тігін ательесі	Жалпы алаңы 1 м2	0,1
28	Зергерлік, аяқ киімді, сағаттарды жөндеу шеберханалары	Жалпы алаңы 1м2	0,23
29	Жөндеу және қызмет көрсету орындары (кілттер жасау) және сол сияқтылар	1 жұмыс орны	-
30	Моншалар, сауналар	Жалпы алаңы 1 м2	0,06

31	Ауданның аумағында жаппай іс-шаралар ұйымдастыратын заңды ұйымдар	1000 қатысушы	-
32	Бау-бақша кооперативтері	1 учаске	-

Түлкібас аудандық
мәслихатының 2020 жылғы
"29" қыркүйектегі
№ 60/2-06 шешіміне
2 – қосымша

Түлкібас ауданы бойынша тұрмыстық қатты қалдықтарды жинау, әкету және көму тарифтері

№ р/с	Атауы	Есептік бірлік	Қызметтің құны (тенге)
1	Қатты тұрмыстық қалдықтарды жинау, әкету және көму тарифі		
1.1.	Жайлы үйлер	1 тұрғын/1 айда	100
1.2.	Жайлы емес үйлер	1 тұрғын/1 айда	100
1.3.	Жеке кәсіпкерлік субъектілер және заңды тұлғалар	1 м3	700
2.	Қатты тұрмыстық қалдықтарды көму тарифі		
2.1.	Жеке тұлғалар үшін	1 м3	100
2.2.	Жеке кәсіпкерлік субъектілер және заңды тұлғалар үшін	1 м3	250